

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу және маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 қазандағы N 1060 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі Қазақстан халқына 2004 жылға арналған Жолдауында айтылған сайлаушылардың тізімін жасау, дауыс беру, дауыс берудің қорытындыларын анықтау және сайлаудың нәтижелерін айқындау автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына "Сайлау" электронды дауыс берудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу жобасының пилоттық аймағын іске асыруды қаржыландыруға 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес маңызды стратегиялық мәні бар ретінде Беларусь Республикасының мынадай ұйымдары:

Беларусь Ұлттық ғылым академиясының Информатика проблемаларының біріктірілген институты (электронды дауыс берудің технологиясы);

"Тодес" жауапкершілігі шектеулі ғылыми-өндірістік бірлестігі (бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу) "Сайлау" электронды дауыс берудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау жөніндегі қызметтер көрсетуді жеткізушілер болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі